



*Д. ҚАМЗАБЕКҰЛЫ*  
*филология ғылымдарының докторы, профессор*  
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық*  
*университетінің проректоры*

## **А. Байтұрсынұлы және ұлт руханияты**

XX ғасыр басында әдебиет пен жалпы руханияттағы жаңа ағымды ілгерілетуге атсалысқан тұлғалардың бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – негізгі ағартушылықтың берік ұстыны еді. Ағартушының елу жылдық мерейтойы қарсаңында Мұхтар Әуезұлы оның ұлан-теңіз еңбегін нақты үш тіркеске сыйдырған болатын: “Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран” [1]. Міне, осыған қарап, А.Байтұрсынұлы өз кезеңінде ұлттың рухани ұстазы болғанын ұғынамыз. Әлбетте, жәдитшілдіктің Алаш қозғалысына ұласар шағында Ахметтің мол күш-жігері елді ағарту (баспасөз, оқулық шығару) ісіне жұмсалды. Орайы келгенде ғана әдебиетке қатысты ой айтты. Бірақ бұл ойы темірқазықтай еді. Сонымен бірге осы уақытта әдебиеттануымыздың алтын қорына қосылған “Қазақтың бас ақыны” атты зерттеу мақаласын жазды.

Ахмет – ең алдымен ағартушы. Ол – поэзияда да, көсемсөзде де, ғылым-ілімде де ағартушы. Өзі: “Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқуменен түзеледі”, -деп (бас мақала) жазғанындай [2], аталған шақта алашқа сауатты, білгір Ахмет ағартушы ретінде қажет болатын.

“Қазақ” газетінің бастапқы уақытындағы бір нөмірінде (бас мақала) әлгі ойын Ахмет былай деп өрбітеді: “Докторлық ғылымын оқығандар денсаулық жайынан керек кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; шаруа жайын оқығандар шаруа жайынан қазаққа керек жақсы кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; оқыту жайын жақсы білетіндер мектеп кітаптарын жақсылап шығаруға мүмкін нәрсе; әдебиет ауданында жүйріктер халықтың қылығын, құлқын түзетуге керегі бар жақсы романдар уа ғайри (және басқа – Д.Қ.) сондай сөздер шығаруға мүмкін нәрсе” [3].

Ахмет Байтұрсынұлының ендігі бір бас мақаласынан [4] неліктен тездете жаңа әдебиетті жандандыруды қолға алғандары мәлім болады. “Тарих жолына қарағанда келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып, азып-тозып, жоғалмақшы. ...Басқа жұртпен араласқанда, өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады? Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды”, -дейді ол.

Міне, осының баршасы Ахметтің - ағартушы, ұстаз Ахметтің - әдебиетке қазақтың жоғын жоқтап келгенін айғақтайды. Әлбетте, ол нағыз ақындықтың (мысалы, Абай санатындағы ақындықтың) қадір-қасиетін білді. 1909 жылы Петерборда басылған “Қырық мысал” жинағының (мұны да Әлихан бастыртқан, бұл жинақты жарияламақшы болғанын ол тіпті 1905 жылы айтқан-ды: тез шықпауына себеп – Абай кітабындағыдай жағдай) бір қайырымында қаламгер:

*Ахмет, осы айтқаның жетер, тоқта!*  
*Көрдің бе, сөзің онша ажарлы емес,*  
*Ұялмай сынатарға салып тоқта.*  
*Алайда тыңдағандар бір ойланар... -*

дейді өзіне [5, 96]. Мұндай сөз иманды адамның ғана аузынан шықса керек. Осыны айту арқылы ол алашқа сөзінен бір кінәрат таппайтын Абайдай тұлға барын нұсқағандай. Үлкен әдебиетті меңзегендей. Көркемдікті іздегендей.



Ә. Бөкейхан тәрізді А.Байтұрсынұлы да қазақ әдебиетіне кең өріс тіледі. Нақты сол кезде Батысты сіңірген орыстан көп үйренудің қажеттігін түсіндірді. Алаш әдебиеті жанарса, жаңа түрмен биіктесе дегенді Ахмет те айтты. “Қырық мысалда” “Өзен мен қарасу” мысал-тәржімесін ұсына отырып, оның түйіндемесінде былай дейді:

*Мысалы үлкен өзен тынбай аққан –  
Халықтар мехнат шегіп, рахат тапқан.  
...Меңзеймін қарасуды, қазақ, саған,  
Талтынбай талап ойлап қарап жатқан [5, 101-102].*

Мысалдың аты – мысал. Мұны өмірдің көп саласына қолдануға болады. Бұл – руханият саласының мысалы десек ше. Орайы жоқ та емес. Қалай дегенде Ахмет қазаққа тоған-тіршілікті емес, ағынды өмірді қалады. Егер қазақ әдебиеті ескі сарында қалмай, Абайша түлесе, көркемөнерді байытса, ағыны әлем әдебиеті мұхитына құяды дейтін ой Ахмет пайымының астарында тұр.

А.Байтұрсынұлы - қазақ тілінің де, сөзінің де шебері. Сондықтан оның әдеби талғамы биік. 1911 жылы “Маса” жинағына кірген “Жиған-терген” атты өлеңінде поэзиядағы “сынғырлаған келісімді” төмендегідей көрсетеді:

*Оюын ойып,  
Орындап қойып,  
Тұр салғандай өрнекке.  
Қиыннан қылып,  
Қиырдан жиып,  
Құрап сөзді термекке,  
Еңбекке егіз, тіл мен жақ,  
Ерінбесең, сөйлеп бақ! [5, 26].*

Сонымен бірге Ахмет ақындықта “бой сүйсінер саз, ой ісінер сөз” болу қажет деп есептейді. Әрбір лепестің “жүрекке дөп, ойға жөн” келуі шарт деп санайды.

Ахмет – азаматтығы жоғары тұлға. Сондықтан оның жазуға қоятын талабында да азаматтық ар мәселесі алғашқы кезекте жүреді. Мысалы:

*Тасапама ойыңды!  
...Тірі көмбей бойыңды,  
Жүрегіңнің жсарасын  
Көрсет жұртқа, қарасын [5, 26].*

Немесе:

*Иланбасам айтпаймын,  
Иманымнан қайтпаймын [5, 27].*

Міне, осы әдеби-эстетикалық ойлардан жырақ емес тұжырымдардың шындығын айғақтай алар Ахмет ғұмырбаянынан сан мысал келтіруге болады. Бірақ бізге керекті - қайраткердің сөз бен ісі бір жерден шыққаны һәм биіктен көрінгені.

1915 жылы Г.Н.Потанинге арнаған өлеңінде төбеден қарауыл қараған қиын кезеңнің ахуалын сипаттай келе, орыс зиялысы келешек қазақ бақытына ортақтаса алады деген оймен:

*Жаз келер, жадыраған күндер туар,  
Жыр жырлап, ту түбінде шуақтайтын,-*

деп жазады [5, 44]. Бұл - орайлы ғана айтқан ой емес, бұл – арман-мақсат. Халықшыл Ахмет әдебиет мерейін ел мерейінен бөлек қарамайды.

XX ғасырдың 10-жылдары А.Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық көзқарасын және жаңа әдебиеттің негізін қалау ағымына қосқан үлесін байқататын еңбегі – Абай туралы



жазған “Қазақтың бас ақыны” атты мақаласы [6]. Бұл мұра зерттеу жұмысы деуге лайық.

Еңбек: “Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ”,-деп басталады. Мұндағы “бас ақын” – біздің ұғымымыздағы “классик”. “Онан асқан ... ақын болған жоқ” деуі - бір жағынан Абайдың әдебиетке құбылыс болып енуін көрсетсе, екінші жағынан оның жаңа әдебиетті бастағанын айғақтайды. Міне, ұлы тұлғаны осылай екі тұрғыдан алып зерделеу жұмыстың өн бойында қос желі болып тартылған. Ахмет Абай шығармашылығын сараптай отырып, саф әдебиет пен көрнекті ақын-жазушы қандай болады деген сұраққа өзінше жауап іздеген.

А.Байтұрсынұлы осы еңбегінде шеберліктің үш негізін (“Үш керек”) анықтайды. Олар: 1. “сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек”; 2. “ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек”; 3. “мағыналы, маңызды болуына білім керек”.

Абайда байқалған бұл үш негізді Ахмет, сөз жоқ, ендігі ақын-жазушыда болса екен деген ниетпен жазды деп санаймыз.

Қаламгер Абайды ой мен көркемдік бірлігінің биігі деп есептейді де, қаймана оқушы сол асқарға ұмтылса деп тілейді. Бұл ретте ол: “... Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. ...Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады”,-дейді [6].

Ахмет бұл зерттеуінде ақынның шыққан тегіне, өскен ортасына да байыптау жасайды. Құнарсыз топыраққа шықпағанын сипаттап өтеді. Оның бәрін саралап жату біздің мақсатымызға кірмейді. Алайда Абай мен оның заманына катысты А.Байтұрсынұлының мына сөзін ескермей өте алмаймыз: Абай “білімі көптер билемей, малы көптер билейтін заманға қарсы туған”. Мұның астарынан ақынның ағартушылығына, әлеуметшілдігіне, халықшылдығына, ұлтшылдығына берілген баға сезіледі. Абайдың елі үшін жарқын күндерді аңсап күрескені аңғарылады.

А.Байтұрсынұлы, “Абайдың тәржіме хәлін жазушы Әлихан Бөкейхан” секілді, ақын дүниетанымының қалыптасу мәселесіне қатысты орыс зиялылары (Михаэлис, Гросс, т.б.) мен ақындарының (Пушкин, Лермонтов, т.б.) орнын ерекше атайды. “Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан”, “...Орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткендік – зор көсемдік” деген жолдар – соның нәтижесін айрықшалаудың айғағы. Бұл орайдағы Ахмет тұжырымдары ешқашан құнын жоймақ емес. Дегенмен аталған кезең үшін мұндай ой – бағдар түзудің, бағыт алудың белгісі еді. Абайдан кейін көрінетін поэзия биігі – Мағжанның орыс символисттерімен, декадентшілдерімен қоян-қолтықтасып жатуының сыры осында.

“Қазақтың бас ақыны” байыптамасында Ахмет Абайдың поэзия мен шығармашылық туралы пайымын “Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы” атты туындысына сүйеніп қарастырады. Сөйтіп, ақынның екі қасиетін дөп басып көрсетеді. Ол: 1. “арғы асылынан (негіз дегенді ол шақта осылай қолданған. – Д.Қ.) қарап сөйлегендігі”: 2. “әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуы”.

Талдаудың мәні – талдау. Байыптау нысанасына әркім өз пікірін білдіруге хұқылы. Осы тұрғыдан келгенде, Ахмет аспандата көтерген ақынынан жалғыз ғана мін табады. “Ол мін өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық”,-дейді. Кейін “Әдебиет танытқышында” бұл мәселеге қайта оралады. Бұл мін, Ахметтің ойынша, өлеңді оқығанда, әнге қосқанда дауыс ағынын бұзады. Сондықтан қаламгер ауысқан буындарды “өз орнына” қоюды ұсынады (бұл сөйлемде біз тырнақшаны әдейі қойдық).



Ахметтанушылар мен жалпы поэзиятанушылар жоғарыда айтылған “мінді” көбіне айналып өтіп жүр. Біздіңше, бұлай жасау Абайдың да, Ахметтің де мұрасына адалдық болып табылмайды. Бұл мәселені кеңірек қарау қажет секілді. Абай - ескінің соңы, жаңаның басы. Сондықтан оның поэзиясында бұрыннан бар жалпы формалық еркіндік ұшырасуы заңдылық. Және оны табиғилық деп қарау керек. Бунақтың құбылуы туралы көп мысал келтіруге болады (Бүгінгі поэзиядағы формалық ізденістер де бұған мысал). Ахмет – жүйелікке, ғылымға, нағыз ағартушылыққа ұмтылған кезеңнің тұлғасы. Байтұрсынұлы үшін бәрінде жүйе, принцип болу керек. Әсіресе, ұлт руханиятына келгенде, дара тұлға дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұстайды. Тіпті оған “ақын бунақтарын ауыстырайықты” айтқызып отырған – осы принципі. Абайды жаңа әдебиеттің басы десек, ендеше оны да жүйелі қабылдайық, жаңа басылымын ретке келтірейік дейді ол. Фольклортанушылар (академик С.Қасқабасов, т.б.) “Ер Сайынға” А.Байтұрсынұлының біраз түзетулер жасағанын айтып-жазып жүр. Мұны Ахметтің өзі де жасырмаған: “Ер Сайынның” мұқабасына “Жыршылар аузынан алып, өндеп өткеруші – Байтұрсынұлы Ақымет” деп жазған [7]. Олай болса, осының бәрін - ғылымға, жүйелікке өтердегі міндетті түрде бастан кешіретін құбылыс деп қабылдау керек. “Бұл - қате қадам” деу теріс. Бұл – баспалдақ. Баспалдақсыз табалдырыққа кісі қалай көтерілімек? Зәулім үйге қайтіп еңбек? Баспалдақсыз аласа үйге ғана кіруге болады...

Міне, көркемдік пен зерделілікті танудағы осы табиғи пайымдар Ахмет көрген Абай “мінін” толық түсіндіріп бере алды.

Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлының бұл кезеңдегі әдеби-эстетикалық тұжырымдары мен әдебиетті жүйелеуге қосқан үлесін бажайлай келе, төмендегідей қорытынды жасаймыз: Біріншіден, ол руханият пен әдеби үдерістің ағартушылық функциясына ерекше үміт артты. Қолынан жазу келетіндер ұлттық іс – жазушылыққа жәрдемін тигізсе екен деген пікірде болды. Екіншіден, жаңа әдебиеттің, тұтастай серпінді руханияттың тез қалыптасуын күткен қаламгер оның ой-сын-білім бірлігіне бой түзеуін қалады. Бұл ретте Абай ізденісін үлгі етті. Үшіншіден, қазақ әдебиетіне кең өріс нұсқады. Томаға-тұйықтық пен өткенді ғана өнеге етуді біржақтылық деп есептеді. Адамзатқа ортақ игілік, ізденіс - қазаққа жат емес деп шешті. Осы орайда да Абай еңбегін мысалға келтіріп отырады.

Бұл үш түйін жинақтала келіп, Мұхтар Әуезұлы айтқан “Ақан салған әдебиеттегі елшілдік ұранды” анықтайды.

#### Әдебиеттер

1. Әуезұлы М. Ақанның елу жылдық тойы (іубелей)//Ақ жол, 1923, 4 февраль.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақша оқу жайынан//Қазақ, 1913, 16 май.
3. Байтұрсынұлы А. Білім жарысы//Қазақ, 1913, 31 май.
4. Оренбург. 10 феурал//Қазақ, 1913, 10 февраль.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары.-Алматы: Жазушы, 1989. 320-б.
6. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны//Қазақ, 1913, 23-30 ноябрь, 22 декабрь.
7. Ер Сайын. Жыршылар айтуынан алып, өндеп өткеруші Байтұрсынұлы Ақымет. - Мәскеу: Ұлттар Комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасы, 1923. - 93 б.

#### Резюме

В статье рассматривается вопрос о роли А.Байтұрсынова в развитии национальной духовности.

#### Resume

The article discusses the role of Akhmet Baitursynov in the development of national spirituality.